АҒА ТӘЛІМГЕР

САҒЫН АЛИЯНЫҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІРЫҢҒАЙ «ЖАС ҰЛАН» БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ҰЙЫМЫНЫҢ «БІРТҰСТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРА ЖОСПАРЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ

2024-2025 оқу жылындағы «Жас Ұлан, Жас Қыран» ұйымының «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында атқарылған іс-шара жоспарының қорытынды жылдық есебі

Қыркүйек айының іс жоспарына сәйкес 2024 жылғы 02 қыркүйек күні “ZIYATKER TURAN” мектебінде жаңа 2024–2025 оқу жылының басталуына орай «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларды білім алуға ынталандыру, мектепке деген сүйіспеншілігін арттыру, ұстаздарды құрметтеуге, бір-біріне қамқорлық пен мейірімділік танытуға тәрбиелеу. Сонымен қатар алғашқы рет мектеп табалдырығын аттаған 1-сынып оқушыларына көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасау көзделді.

Салтанатты жиынға мектеп директоры, педагогтер, мектеп қызметкерлері, оқушылар және ата-аналар қатысты. Жиын барысында мектеп директоры Е.К.Абдрасилов сөз сөйлеп, жаңа оқу жылының басталуымен барша ұстаздар мен оқушыларды құттықтады. Алғашқы қоңыраудың соғылуы білім ордасындағы жаңа оқу жылының басталғанын білдіретін маңызды сәт екені атап өтілді.

Салтанатты шара барысында оқушылар тарапынан түрлі өнер көрсетіліп, әндер орындалып, мерекелік көңіл-күй қалыптасты. Ұстаздар мен оқушылар жаңа оқу жылын көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды. Іс-шара барысында мектептің білім мен тәрбие беретін ғана емес, мейірімділік, достық, сыйластық пен өзара қолдау қалыптасатын орта екендігі ерекше айтылды. Жиын барысында 1 және 11 сынып оқушылары үшін алғашқы қоңырау соғылды. Бұл сәт мектептегі жаңа оқу жылын бастау белгісі болды. Іс-шара мазмұнды әрі тәрбиелік мәнде өтті. Әнұран орындалып, мектеп оқушылары өз өнерлерін көрсетті. Жиын соңында мектеп директоры жиынды қорытындылап, барлық қатысушыларға алғыс айтты.

Қыркүйек айының іс жоспарына сәйкес 2024 жылғы 19 қыркүйек күні мектебімізде 7–8 сынып оқушыларының болашақ мамандығын дұрыс таңдауына бағыт-бағдар беру мақсатында «Мамандықтың бәрі жақсы» атты кәсіби бағдар беру іс-шарасы өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларға мамандық таңдаудың маңыздылығын түсіндіру, олардың болашақ кәсібіне деген қызығушылығын арттыру, әр мамандықтың қоғамдағы

өзіндік орны мен маңызын көрсету және саналы кәсіби таңдау жасауға бағыттау. Іс-шара барысында

2024 жылғы 26 қыркүйек күні мектепте оқушылардың жол қауіпсіздігі ережелерін сақтауын қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жолда дұрыс жүріп-тұру мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Жол қауіпсіздігін сақтаймыз» атты акция өткізілді. Акцияның негізгі мақсаты – оқушыларға жол қозғалысы ережелерін дұрыс түсіндіру, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастыру, жол белгілері мен жаяу жүргінші өткелдерін дұрыс пайдалануға үйрету. Іс-шара барысында ДТЖО М.А.Жадикова пен аға тәлімгердің және жас инспекторлар тобының ұйымдастыруымен 1–9 сынып оқушылары арасында жол ережесіне қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға жол қауіпсіздігі ережелері жазылған ақпараттық парақшалар таратылып, олардың мазмұны түсіндірілді. Түсіндіру барысында оқушыларға жолдан өту кезінде жаяу жүргіншілер өткелін пайдалану, бағдаршам сигналдарына бағыну, жолдан өтер алдында екі жаққа мұқият қарау, көлік қозғалысына кедергі келтірмеу қажеттігі айтылды. Сонымен қатар оқушыларға көшеде, мектеп маңында және қоғамдық орындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы түсінік берілді. Әсіресе мектепке келу және үйге қайту кезінде жолдан өту барысында аса сақ болу қажеттігі ескертілді.

2024 жылдың қазан айының жоспарына сәйкес 8 қазан күні мектебімізде оқушылардың әлеуметтік желілерді дұрыс әрі қауіпсіз пайдалану мәдениетін қалыптастыру, интернет кеңістігіндегі қауіптердің алдын алу және әлеуметтік желінің адам өміріне тигізетін оң және теріс әсерлерін түсіндіру мақсатында «Әлеуметтік желінің пайдасы және зияны» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға қазіргі таңда әлеуметтік желілердің адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналғаны туралы түсінік берілді. Әлеуметтік желілер арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына, қажетті ақпаратты жылдам іздеуге, білім алуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және пайдалы ақпараттармен бөлісуіне мүмкіндік бар екені айтылды.

Қазан айында білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және құқықтық сауаттылығын арттыру бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

Ай барысында «Қыз намысы – ұлт намысы» тақырыбында танымдық сағат өткізіліп, қыз баланың қоғамдағы орны, ұлттық тәрбие мен отбасы құндылықтарының маңызы түсіндірілді. Білім алушылар өзара пікір алмасып, әдептілік, жауапкершілік және өзін-өзі құрметтеу мәселелері төңірегінде ой бөлісті.

Ай соңында **«Діни экстремизм мен қауіп төндіретін діни ағымдардың ықпалынан сақтану»** тақырыбында кездесу өткізіліп, білім алушыларға ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кездесу барысында жастардың қауіпсіздігі, діни сауаттылық және жат ағымдардың алдын алу мәселелері қарастырылды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға деген қызығушылығы артып, адамгершілік, жауапкершілік және азаматтық ұстанымдарының қалыптасуына оң әсер етті.

Білім алушылардың денсаулығын сақтау және зиянды әдеттердің алдын алу мақсатында **«Синтетикалық темекінің зияны»** тақырыбында танымдық сабақ ұйымдастырылды. Сабақ барысында синтетикалық темекінің адам ағзасына тигізетін зияны, оның денсаулыққа және болашақ өмірге әсері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар салауатты өмір салтының маңыздылығы жөнінде ақпарат алып, зиянды әдеттерден аулақ болудың қажеттілігін түсінді. Іс-шара нәтижесінде білім алушылардың денсаулыққа жауапкершілікпен қарау көзқарасы қалыптасты.

Ай соңында білім алушылардың діни сауаттылығын арттыру және теріс діни ағымдардың ықпалынан сақтандыру мақсатында **«Теріс діни ағымдар уағызы»** тақырыбында бейнематериал көрсетіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында жат діни ағымдардың қоғамға және жастар тәрбиесіне тигізетін кері әсері туралы ақпарат берілді.

Наурыз айында алғыс айту күніне орай **«Алғыс айту – парызымыз»** тақырыбында челлендж және құттықтау акциясы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында білім алушылар ата-аналарына, ұстаздарына, достарына және айналасындағы жандарға ризашылықтарын білдіріп, алғыс сөздерін жолдады. Челлендждің негізгі мақсаты – оқушылардың бойында құрмет, сыйластық, ризашылық және мейірімділік құндылықтарын қалыптастыру болды. Іс-шараға қатысушылар өздерінің жүрекжарды тілектері мен құттықтауларын жеткізіп, алғыс айтудың адам өміріндегі маңыздылығын түсінді. Нәтижесінде

білім алушылардың адамгершілік қасиеттері дамып, өзара сыйластық пен достық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал жасалды.

«Аналар – тіршіліктің күре тамыры» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шараның мақсаты – аналарға деген құрмет пен сыйластықты арттыру, отбасы құндылықтарын насихаттау және білім алушылардың адамгершілік қасиеттерін дамыту. Шара барысында аналар туралы өлеңдер оқылып, әндер шырқалды, оқушылар өздерінің жүрекжарды тілектері мен алғыстарын білдірді. Сонымен қатар тәрбиелік мәні зор көріністер көрсетіліп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйланды. Іс-шара өз мақсатына жетіп, білім алушылардың анаға деген сүйіспеншілігі мен құрметін арттыруға ықпал етті.

«Ұлы күні Ұлыстың басы болсын, ырыстың мерекесі болсын!» тақырыбында Наурыз мерекесіне арналған тәрбиелік іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – білім алушыларға қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарын дәріптеу, халқымыздың мәдени мұрасын насихаттау және патриоттық тәрбие беру. Шара барысында Наурыз мерекесінің шығу тарихы таныстырылып, ұлттық ойындар ұйымдастырылды, әндер шырқалып, өлеңдер оқылды. Білім алушылар қазақ халқының әдет-ғұрыптары туралы мағлұмат алып, ұлттық мерекеге деген құрметтерін арттырды. Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Сәуір айында «Телефонның пайдасы мен зияны» тақырыбында білім алушыларға бейнероликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында ұялы телефонның білім алуға, ақпарат алмасуға және байланыс орнатуға тигізетін пайдасы мен оны шамадан тыс пайдаланудың денсаулыққа, көз көру қабілетіне және оқу үлгеріміне кері әсерлері талқыланды. Білім алушылар көрсетілген бейнематериалдар бойынша өз ойларын ортаға салып, телефонды тиімді әрі қауіпсіз пайдалану туралы пікір алмасты. Нәтижесінде оқушылардың цифрлық мәдениеті мен жауапкершілігі арта түсті.

«Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында білім алушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Іс-шараның мақсаты – жеке бас гигиенасын сақтау, қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау және салауатты өмір салтын насихаттау болды. Түсіндірме барысында тазалықтың адам денсаулығын нығайтудағы маңызы айтылып, күнделікті өмірде

гигиеналық талаптарды сақтау жөнінде кеңестер берілді. Білім алушылар тазалықтың денсаулықтың басты кепілі екендігін түсініп, қоршаған ортаны таза ұстауға шақырылды.

«Кітап – білімнің бастауы» оқырмандар апталығы

Оқырмандар апталығы аясында «Кітап – білімнің бастауы» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Білім алушылар кітап оқудың маңыздылығы туралы ой бөлісіп, өздерінің сүйікті шығармаларын таныстырды. Апталық оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, рухани дүниесін байытуға ықпал етті.

Жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында 6–7 сынып оқушылары арасында «Жемқорлыққа қарсы күрес – бала көзімен» тақырыбында сурет салу байқауы өтті. Іс-шараның мақсаты – балаларға жемқорлықтың зиянын түсіндіру, адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттау, өз еңбегімен жетістікке жетуге тәрбиелеу және жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру.

Мамыр айында «Тал егу – игі іс» тақырыбында көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – білім алушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру болды. Шара барысында білім алушылар тал көшеттерін отырғызып, ағаштардың табиғат пен адам өміріндегі маңызы туралы мәліметтер алды. Сонымен қатар жасыл желекті көбейту, табиғатты аялау және қоршаған ортаны таза ұстау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шара оқушыларды еңбекке баулып, туған жердің табиғатына деген жауапкершілік сезімін арттыруға ықпал етті.

2025 жылдың 12 мамыр күні мектебімізде 5–6–7 сынып оқушылары арасында **«Әншуақ»** балалар ән байқауы жоғары деңгейде өтті. Байқау «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырылып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өнерге деген қызығушылығын арттыруға бағытталды. Байқауға өнерге бейім, талантты оқушылар қатысып, патриоттық, лирикалық және заманауи бағыттағы әндерді орындады. Әр қатысушы өз өнерін сахна мәдениетімен ұштастырып, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Шара барысында жас өнерпаздардың орындаушылық шеберлігі, дауыс ерекшелігі, сахнадағы еркіндігі мен шығармашылық қабілеті әділқазылар алқасы тарапынан

бағаланды. Байқау соңында үздік өнер көрсеткен оқушылар түрлі номинациялармен марапатталды. «Әншуақ» байқауы оқушылардың өнерге деген сүйіспеншілігін арттырып, жас таланттардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік берді. Осындай тәрбиелік маңызы зор шаралар оқушылардың бойындағы өнерге деген қызығушылықты дамытып, олардың жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Жыл бойы **«Жас Ұлан»** біріңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы аясында білім алушылардың азаматтық белсенділігін, патриоттық рухын, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Ұйым мүшелері мектепішілік және қоғамдық шараларға белсенді қатысып, қайырымдылық акциялары, экологиялық жұмыстар, мерекелік іс-шаралар, патриоттық және танымдық бағыттағы кездесулерге атсалысты. Сонымен қатар білім алушылар арасында ұлттық құндылықтарды дәріптеу, құқықтық сауаттылықты арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары жүргізілді. Жыл қорытындысы бойынша ұйым мүшелері қоғамдық жұмыстарға жауапкершілікпен қатысып, өздерінің белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін көрсете білді. Қойылған мақсаттар мен міндеттер толық орындалып, «Жас Ұлан» ұйымының жұмысы нәтижелі деп бағаланды.